

Жоғары білім беру туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 10 сәуір. Заңның 16-бабының 3-бөлімі және 21-бабының 2-бөлімінің күші 1997 жылғы 1 сәуірге дейін тоқтатылсын - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 жарлығымен. Заңның жоғарыдағы көрсетілген бөлімдері күшіне қайта енгізілсін - Қазақстан Республикасының 1994.07.14. Заңымен. Күші жойылды - ҚР 1999.06.07. N 390 Заңымен. ~Z990390

Жоғары білім беру Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі аса маңызды құрылымдық буын болып табылады.

"Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына негізделеді және жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптерін белгілейді, жоғары оқу орындарының ұйымдастырылуы мен қызметінің құқылық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін орнықтырады, азаматтардың жоғары білім алуға конституциялық құқықтарын іске асыруға жағдай жасауға бағытталған, білім беру процесі субъектілері арасындағы қатынастарды реттейді, олардың құқықтары мен міндеттерін, құзыреті мен жауапкершілігін белгілейді.

І бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Жоғары білім беру туралы Қазақстан Республикасы заңдары
Жоғары білім беру туралы Қазақстан Республикасы заңдары осы Заңнан, "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және жоғары білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да заң құжаттарының ережелерінен
т ұ р а д ы .

2-бап. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы
м е м л е к е т т і к с а я с а т ы

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру саласында рыноктық экономика жағдайында жұмыс істейтін біліктілігі жоғары мамандар даярлауға, оның ішінде шетелде даярлауға бағытталған егеменді мемлекеттік саясат жүргізеді, оны іске асырудың ұйымдық-экономикалық механизмін қалыптастырады, жоғары білім берудің басымдығын қамтамасыз етеді, меншік түрі әр алуан жоғары оқу орындарына қолдау жасауды жүзеге асырады.

Жергілікті өкілетті және атқарушы өкімет органдары өз аумағында жоғары білім беруді дамытуға бұл мақсатқа қаржыландырудың қосымша көздерін, соның ішінде жергілікті бюджет қаражаттарын тарту, материалдық-техникалық және кадрлар базасын нығайту, жоғары оқу орындарында оқытындар мен олардың қызметкерлеріне тиісінше тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар туғызу, медициналық қызмет көрсету жолымен жәрдемдеседі.

3-бап. Жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясат п р и н ц и п т е р і

Жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясат мынадай негізгі принциптермен жүргізіледі:

- жоғары оқу орындары желісін үнемі жетілдіріп отыру, кадрлар даярлау ісінде республиканың тәуелсіздігін жеткілікті қамтамасыз ету, рыноктық экономиканың, облыстар мен аймақтардың қажеттерін қанағаттандыру мақсатында мамандықтарды жаңарту;

- Қазақстан Республикасы барлық азаматтарының жоғары білім алу

құқықтарының теңдігі (бұған жынысы, жасы, денсаулық жағдайы жөнінен бұл құқықтардың шектелетін реттері кірмейді);

- қабылдау жоспарына сәйкес мемлекеттік жоғары оқу орындарында жоғары білімнің тегін берілуі;

- жоғары білім берудің жекеше жүйесіне жәрдемдесу;

- үздіксіз білім берудегі сатылардың сабақтастығы қамтамасыз ету;

- жоғары білімнің ғылыми сипаты, құқылық және экологиялық бағыты;

- жоғары білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты;

- жоғары оқу орындарының құқықтарын кеңейте отырып, барлық деңгейдегі басқару органдары арасындағы міндетті қызметтер мен өкілеттіктің қайта бөлінуін көздеп, жоғары білім беруді басқару ісін орталықсыздандыру;

- жоғары білім беру ісін ізгіліктендіру;

- жоғары білім беру ісін дараландырып, саралау;

- үздік қабілетін көрсеткен азаматтардың бірегей жоғары білім алуына мемлекет тарапынан жәрдем көрсету;

- жоғары білім іргелі білімге айналдыру;

- жоғары білімді, ғылым мен өндірісті етене жақындастыру;

- білім берудің объективті ғылыми білім алуға кедергі келтіретін партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың саяси және идеологиялық ықпалына тәуелсіз
б о л у ы .

4-бап. Жоғары оқу орны және оның негізгі міндеттері
Білім беру, кәсіптік және ғылыми бағдарламаларды іске асыратын және жоғары білім туралы құжат беруге құқылы заңды ұйым құқығы бар дербес субъект жоғары оқу орны болып табылады.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарының құрамына жоғары оқу орнының немесе заңды ұйымның құрылымдық өлшемі мәртебесі бар оқу, ғылыми, өндірістік және басқа бюджеттегі немесе шаруашылық есептегі бөлімшелер ене
а л а д ы .

барлық бөлімшелерімен қоса алғанда, жоғары оқу орны біртұтас бір ғылыми-өндірістік кешен - білім беру мекемесі ретінде жұмыс істейді.

Жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеттері:

- жеке адамның интеллектуалдық және мәдени жағынан жетілудегі, таңдап алған қызмет саласында жоғары білім мен мамандық алудағы қажеттерін қ а н а ғ а т т а н д ы р у ;

- қоғамның жоғары білімді мамандар жөніндегі әлеуметтік экономикалық қажеттерін қ а н а ғ а т т а н д ы р у ;

- жоғары білікті мамандар, ғалым-педагог кадрлар даярлау;

- іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу;

- түрлі салалардың басшы қызметкерлері мен мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылады.

5-бап. Жоғары оқу орнының құқылық мәртебесі
Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жекеше жоғары оқу орындары ж ұ м ы с і с т е й а л а д ы .

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы заңдары меншік түрлеріне, ұйымдық-құқылық негіздері мен бағыныстылығына қарамастан республиканың барлық жоғары оқу орындарына қолданылады.

Жоғары оқу орнының қызметі оның Жарғысымен, ал халықаралық жоғары оқу орнының қызметі құрылтайшы-мемлекеттер үкіметтері бекіткен Жарғымен р е г л а м е н т т е л е д і .

Жоғары оқу орнының Жарғысы белгіленген тәртіпте тіркеледі.

Жоғары оқу орны өзінің құрылымын жасауда, оқу процесі мен ғылыми қызметті ұйымдастыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда,

қаржы-шаруашылық мәселелерін шешуде, шешімдер қабылдауға және өз Жарғысынан туындайтын іс-қимылдарды жүзеге асыруда дербес болады.

Жоғары оқу орны әртүрлі кәсіпорындармен және ұйымдармен келісімдер жасасуға, республика да, шетелде де оқу-тәрбие кешендерін, оқу-ғылыми-өндірістік бірлестіктер, қауымдастықтар, өзге де бірлестіктер құруға немесе оларға кіруге құқылы.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарында саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

6-бап. Студенттер контингентін қалыптастыру

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарына оқуға қабылдау жөніндегі негізгі ережелерді Білім беру министрлігі белгілейді. Қабылдаудың нақты ережелерін жоғары оқу орны әзірлейді.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттер қабылдау конкурстық негізде:

- мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік стандарт шегінде мамандар даярлауға қабылдау жоспары;

- кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен және басқа да заңды және жеке ұйымдармен тікелей шарттар бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жоғары оқу орнына қабылдау жоспарын Білім беру министрлігі (немесе жоғары білім беру ісін мемлекеттік басқарудың тиісті ведомстволық органы) белгілейді.

Автономиялы өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі бар жоғары оқу орындарында және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында оқушылар контингентін қалыптастыруды олардың өзі дербес жүргізеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.08.30. N 2441 жарлығымен. U952441_

7-бап. Жоғары оқу орындарын құру, қайта құру және тарату

Мемлекеттік жоғары оқу орындарын Білім беру министрлігінің ұсынуымен Республика Үкіметі құрады, қайта құрады және таратады.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарын құруды, қайта құруды және таратуды олардың құрылтайшылары - заңды ұйымдар мен нақты адамдар жүзеге асыра алады.

Білім беру қызметіне және Қазақстан Республикасы заңдары берген жеңілдіктерге құқық жоғары оқу орындарында оларға лицензиялар берілген күннен бастап пайда болады.

Жоғары оқу орындарына білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиялар

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен беріледі.

II бөлім. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ОҚУ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ

8 - б а п . О қ у м а з м ұ н ы

Мемлекеттік жоғары оқу орындарының оқу қызметі жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары негізінде әзірленген және Білім беру министрлігі бекіткен немесе белгіленген тәртіппен келісілген үлгі оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік стандарттар білім беру мазмұнына (міндетті минимум), жоғары оқу орындарын бітірушілердің даярлық деңгейіне қойылатын қажетті талаптарды белгілейді және білім алу, сондай-ақ дипломдардың баламалылығын анықтау түрлеріне қарамастан, жоғары оқу орындарын бітірушілердің білімі мен біліктілік деңгейін объективті бағалаудың негізі болып табылады.

Тиісті саладан арнаулы орта білімі бар адамдар қысқартылған және жеделдетілген бағдарлама бойынша жоғары білім алуы мүмкін.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының оқу қызметін олардың өздері дербес жүзеге асырады.

Білімнің мазмұнын нақтыландыру жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестері бекітетін жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен белгіленеді.

9-бап. Оқу және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

Жоғары оқу орны мамандар даярлауды білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыру, оқытуды белсенді әдістер, жаңа ақпараттық технологиялар кешенін қолдана отырып дараландыру негізінде студенттердің шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін таныту, қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу арқылы жүзеге асырады.

Жоғары оқу орны студенттерді оқу құралдарымен қамтамасыз етеді, оқуға еңбек пен тұрмысқа кінәратсыз және қауіпсіз жағдайлар жасайды.

Студенттердің оқу шамасы, сабақ режимі денсаулық сақтау органдарының ұсыныстары негізінде жоғары оқу орындарының Жарғысымен анықталады.

Жоғары оқу орны студенттерді бағалау жүйесін, аттестаттаудың түрлерін, тәртібін таңдауда дербес болады.

Студенттерді оқу процесінен алаңдатуға болмайды.

Жоғары оқу орнының оқу жоспарын меңгеру бітірушілерге міндетті қорытынды аттестаттау жүргізумен аяқталады.

Жоғары оқу орны әдістемелік жұмысты ұйымдастырып, жүргізеді. Мемлекеттік жоғары оқу орындарында әдістемелік жұмысты үйлестіруді оқу

әдістемелік бірлестіктер (орталықтар) жүзеге асырады.

Оқу-әдістемелік бірлестіктер туралы үлгі ережені Білім беру министрлігі б е к і т е д і .

Жоғары оқу орнының тәрбиелік міндеттері студенттер мен оқытушылардың бірлескен оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік қызметінде іске асырылады.

10 - б а п . О қ ы т у т і л і

Мемлекеттік жоғары оқу орындарында оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі, мұның өзі тиісті оқу бөлімшелерінің қажетті санын, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Басқа тілдерде мамандар даярлау республиканың қажеттеріне сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Барлық жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін және ресми түрде қолданылатын тіл ретінде орыс тілін оқыту жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттарымен белгіленеді.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында тілдің (тілдердің) оқытылуын Білім беру министрлігімен келісім бойынша олардың құрылтайшылары б е л г і л е й д і .

ЕСКЕРТУ. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1996.01.27.N 2829 жарлығымен. U962829_

11 - б а п . О қ ы т у т ү р л е р і

Жеке адамның қажеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жоғары оқу орындарында оқыту өндірістен қол үзіп және қол үзбей, сондай-ақ экстернат шеңберінде жүргізілуі мүмкін.

Нақты мамандық бойынша оқытудың барлық түрлері үшін тиісті салада жоғары білім берудің бірыңғай мемлекеттік стандарты қолданылады.

12-бап. Жоғары білім берудің құрылымы

Жоғары оқу орындарында оқытудың сипаты мен көлемі, мазмұны мен мерзімі жөнінен әртүрлі сабақтас біліми-кәсіби бағдарламалар іске асырылуы мүмкін, олардың меңгерілгені түрлі деңгейдегі жоғары білім туралы дипломдармен куәландырылады.

Жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы жеке адамның алуан түрлі мәдени-білім талаптарын қанағаттандыруда жоғары мектептің мүмкіндігін кеңейтуге, экономика мен еңбек рыногының өзгермелі қажеттерін ескере отырып , мамандарды жалпымәдени, ғылыми және кәсіби даярлаудың икемділігін арттыруға бағытталған.

Жоғары білім мамандарын көп деңгейлі даярлау туралы ережені республика

13-бап. Жоғары білім туралы құжаттар

Мемлекеттік жоғары оқу орындарын бітірген адамдарға Білім беру министрлігі белгілеген үлгідегі, олардың жоғары білім алғанын куәландыратын диплом беріледі.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарын бітірген адамдарға мемлекеттік диплом олардың білім деңгейі мемлекеттік стандартқа сай келген жағдайда беріледі.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында білім алған адамдардың ақылы мемлекеттік аттестаттаудан өтуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының жоғары білім туралы дипломы оның бүкіл аумағында қолданылады.

Жоғары білім туралы шетелдік жоғары оқу орындары берген құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық келісімдер негізінде танылады.

Қазақстан Республикасында жоғары білім туралы құжаттарды тану және тиісті куәліктер беру Білім беру министрлігі бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындары жоғары білім туралы құжаттарды тану жөніндегі халықаралық аймақтық конвенцияларға қосыла алады.

ЕСКЕРТУ. 13-баптың 3-бөлігіне өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2829 жарлығымен.

14-бап. Ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысты ұйымдастыру

Жоғары оқу орны оқу-ғылыми ұйым болып табылады және өзінің ғылыми қызметінде "Ғылым және Қазақстан Республикасының мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа алады.

Жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеттері:

- теориялық және қолданбалы мәселелерді талдап жасау;
- оқулықтар мен оқу құралдарын жасау;
- ғылыми-әдістемелік сипаттағы зерттеу жұмыстарын орындау болып табылады.

Жоғары оқу орын ғылыми зерттеулердің нәтижелерін халық шаруашылығына енгізуге қатысады, ғылым, техника мен мәдениет жетістіктерін насихаттайды.

Жоғары оқу орындары ғылымының басты принципі оны оқу процесімен, сондай-ақ академиялық және салалық ғылыммен ұштастыру болып табылады.

Жоғары оқу орны Ғылыми кеңес бекіткен тақырыптық жоспар бойынша

ғылыми зерттеулер мен шығармашылық жұмыс жүргізеді, өзінің ғылыми мүмкіншілігінің ұтымды да тиімді пайдаланылуын, атқарылатын жұмыстың сапасын және қауіпсіз еңбек жағдайларын, студенттерді ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысқа қатысуға кеңінен тартуды қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнында жүргізілетін ғылыми зерттеулер мемлекеттік бюджет, шаруашылық шарттарды орындаудан алынатын қаражаттар, әртүрлі қорлар, банк кредиттері, өз қаражаттары, жиналған жылу және басқа көздер есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

Кадрлар, материалдық база және қаржыландыру көздері болған жағдайда жоғары оқу орны қажетті ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу бөлімдерін (секторларын), лабораториялар және басқа да б ө л і м ш е л е р к ұ р а а л а д ы .

III бөлім. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ

15-бап. Студент мәртебесі

Жеке өзінің өтініші бойынша ректордың бұйрығымен жоғары мектептің білім-кәсіптік бағдарламаларын меңгеру мүмкіндіктерін бағалау негізінде оқуға алынған адам жоғары оқу орнының студенті болып табылады.

Жоғары оқу орнының студентіне белгіленген үлгіде студенттік билет пен е с е п к і т а п ш а с ы б е р і л е д і .

Студент жоғары оқу орнындағы білім беру процесінің негізгі субъектісі б о л ы п т а б ы л а д ы .

16-бап. Студенттердің құқықтары

Жоғары оқу орындарының студенттері:

- мемлекеттік білім беру стандарттары ауқымында оқуға және қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру қызметін алуға;

- оқудан бос кезінде оқуын жұмыспен ұштастыруға;

- жоғары оқу орнының қоғамдық ұйымдары мен басқару органдары арқылы жоғары оқу орындары қызметінің, студенттік өмірдің аса маңызды мәселелерін талқылау мен шешуге қатысуға;

- жоғары оқу орнының кітапханаларын, ақпарат қорын, оқу, ғылыми және басқа да бөлімшелерінің қызметін оның Жарғысында белгіленген тәртіппен тегін п а й д а л а н у ғ а ;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, симпозиумдарға қатысуға, өз жұмыстарын жариялауға, оның ішінде жоғары оқу орындарының б а с ы л ы м д а р ы н д а ж а р и я л а у ғ а ;

- жеңілдікпен медициналық қызметті пайдалануға мемлекеттік көлікте (таксиден басқасында) жеңілдікпен жүруге;

- бос орын болған жағдайда мемлекеттік театрларға, кинотеатрларға, концерт залдарына, мұражайларға, стадиондарға жеңілдікпен кіруге;

- оқудағы табыстары және ғылыми-зерттеу жұмысы мен шығармашылық қызметке белсене қатысқаны үшін моральдық жағынан көтермеленуге және материалдық сыйақы алуға;

- жоғары оқу орны әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым беруге;

- әскери қызметті өтеуді кейінге қалдыруға құқылы.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарының өндірістен қол үзіп оқитын барлық үлгірімді студенттерге стипендия төленеді. Стипендияның мөлшерін жоғары оқу орны белгілейді, бірақ ол Республика Үкіметі белгілеген ең төмен мөлшерден кем болмауға тиіс, немесе студенттің барлық меншік түріндегі кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен жасасқан шарттарының ережелерімен анықталады.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарының барлық студенттеріне әрбір оқу жылында бір рет оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиет сатып алу үшін стипендиясы мөлшерінде жәрдем беріледі.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарында жетім балаларды және ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) қамқоршылығынсыз қалған балаларды ұстау мен оқыту толық мемлекеттік қамсыздандыру негізінде жүзеге асырылады.

Студенттерге жүктілік, бала туу жөніндегі демалысы және баланы күту жөніндегі демалысы кезеңінде стипендия төлеу толық көлемінде сақталып, бір жолғы жәрдемақы төленеді.

Өндірістен қол үзіп оқитын, жоғары оқу орындары тұрған жерден баруға байланысты өндірістік (педагогикалық) және оқу практикасынан өту үшін кәсіпорынға, мекеме мен ұйымға жіберілген барлық практикант студенттерге қызметтік іссапар туралы шекті шама құжаттарына сәйкес тәуліктік ақы төленеді.

Жоғары оқу орындарының өндірістен қол үзбей оқитын студенттерінің жұмыс орны бойынша ақы төленетін қосымша демалыс алуға, қысқартылған жұмыс аптасына және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жеңілдіктер алуға құқылы.

Жоғары оқу орындарының студенттері мемлекеттік кәсіпорындармен, қоғамдық бірлестіктермен, кооперативтермен және жеке адамдармен контрактілер жасасуға құқылы. Контрактілерде даярлау құнын ішінара немесе толық төлеу, стипендия, соның ішінде көтеріңкі стипендия төлеу, кредит, белгілі бір жұмыс орнын, тұрғын үй беру және басқа жағдайлар жасау көзделуі мүмкін.

Студенттердің республика заңдарымен және жоғары оқу орнының Жарғысымен белгіленген басқа да құқықтары бар.

17-бап. Студенттердің міндеттері

Жоғары оқу орындарының студенттері таңдап алған мамандығы бойынша теориялық білімді, практикалық дағдыны және зерттеулердің қазіргі әдістерін меңгеруге, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындауға, ұлттық және жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік қазыналарды құрметтеуге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

Міндеттерді бұзғаны үшін студенттерге жоғары оқу орнының Жарғысында белгіленген тәртіппен жоғары оқу орнынан шығаруға дейін тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

18-бап. Студенттерді оқудан шығару, қайта алу және ауыстыру

Студент жоғары оқу орнынан:

- өз тілегі бойынша;
- Дәрігерлік-Бақылау Комиссиясы анықтамасының негізінде денсаулық жағдайы бойынша;
- басқа жоғары оқу орнынан ауысуына байланысты;
- академиялық үлгірмеушілігі үшін;
- оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін және жоғары оқу орнының Жарғысын бұзғаны үшін шығарылуы мүмкін.

Жоғары оқу орнының студенті белгіленген тәртіппен бір жоғары оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқытудың бір түрінен екіншісіне белгіленген тәртіппен ауысуға құқылы.

19-бап. Жоғары оқу орындарын бітірушілерді жұмысқа о р н а л а с т ы р у

Мемлекеттік тапсырыс бойынша мемлекеттік жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімдерін бітірушілерді дербес бөлу арқылы жұмысқа орналастырылуға тиіс.

Жоғары оқу орындары шарттардың негізінде даярлаған бітірушілер осы шарттарға сәйкес жұмысқа жіберіледі.

Жас мамандардың құқықтары мен міндеттері, оларды жұмысқа орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ережелермен айқындалады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.08.30.
N 2441 жарлығымен.

U952441_

IV бөлім. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ

БАСҚА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

20-бап. Жоғары оқу орындары оқытушыларының және басқа
қызметшілерінің мәртебесі

Жоғары оқу орындарында профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамының, әкімшілік-қызмет көрсетушілік, өндірістік және көмекші қызметкерлердің лауазымдары көзделеді.

Профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрам лауазымдарын, оқу-ғылыми бөлімшелер басшыларын атқару - контрактілік немесе конкурстық негізде, басқа қызметкерлер - еңбек шарты бойынша жүргізіледі.

Профессорлық-оқытушылық құрам лауазымдарын атқару туралы ережені Білім беру министрлігі бекітеді.

21-бап. Оқытушылар мен басқа да қызметкерлердің құқықтары Жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамы:

- кәсіптік қызметі үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- педагогтің жеке ерекшеліктеріне мейлінше толық сай келетін және оқу процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен құралдарын е р к і н т а ң д а п а л у ғ а ;

- біліктілігін белгіленген тәртіп бойынша арттыруға;
- жоғары оқу орнының (факультеттің) Ғылыми кеңесіне сайлауға және с а й л а н у ғ а ;

- жоғары оқу орны, факультет ғылыми кеңестерінің мәжілістерінде және басқа да өзін-өзі басқару органдарында оқу, әдістемелік, ғылыми, шығармашылық және өндірістік қызметтің аса маңызды мәселелерін талқылауға қ а т ы с у ғ а ;

- белгіленген тәртіппен халықаралық және республикалық ғылыми,

әдістемелік съездерге, конференцияларға, кеңестерге қатысуға;
- педагогтік және ғылыми қызметтегі табыстары үшін моральдық жағынан көтермелену мен материалдық сыйақы алуға, ордендермен және медальдермен наградталуға, құрметті атақтар алуға;
- өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- жоғары оқу орны әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым беруге құқылы.

Жоғары оқу орындарының педагог қызметкерлеріне жыл сайын мамандығы бойынша оқу, әдістемелік, ғылыми және басқа әдебиет сатып алу үшін нысаналары мақсатпен лауазымдық айлықақысы мөлшерінде жәрдемақы б ө л і н е д і .

Жоғары оқу орны педагог қызметкерлерінің "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен және басқа да заң құжаттарымен белгіленген басқа да қ ұ қ ы қ т а р ы б а р .

Әкімшілік-қызмет көрсетуші, өндірістік және көмекші қызметкерлердің құқығы ішкі тәртіп ережелермен және лауазымдық нұсқаулармен белгіленеді.

Жоғары оқу орнының құрамына енетін ғылыми-зерттеу, конструкторлық-технологиялық, тәжірибе-эксперименттік, оқу, оқу-өндірістік, өндірістік шеберханалар (цехтар, шаруашылықтар) және басқа ұйымдар, бөлімшелер қызметкерлеріне арналған жеңілдіктер мен артықшылықтар салалар мен өндірістер қызметкерлерінің сондай категорияларына сәйкес белгіленеді.

Жоғары оқу орындарының қызметкерлерін қызметкерлердің өз келісуінсіз олардың негізгі қызметіне тән емес міндеттерді атқаруға тартуға жол берілмейді.

22-бап. Жоғары оқу орындары оқытушылары мен басқа қызметкерлерінің міндеттері

Жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамы:

- педагогтік және ғылыми процестің жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге, студенттердің бойында дербестікті, бастаманы, дара және шығармашылық қабілетті дамытуға, студенттердің мемлекеттік стандарттан кем түспейтін білім а л у ы н а қ о л ж е т к і з у г е ;

- білім мазмұнының жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер жүргізуге, оларға студенттерді белсенді түрде қатыстыруға;

- өзінің біліктілігін арттырып отыруға;

- студенттерді оқыту мен тәрбиелеу ісін жоғары кәсіптік деңгейде жүргізуге, ұлттық, жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік қазынаға құрметпен қарауға т ә р б и е л е у г е ;

- педагогикалық этика нормаларын, жоғары оқу орнының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

Профессор-оқытушы және ғылыми қызметкерлердің міндеттері жоғары оқу орнының Жарғысымен немесе контракт ережелерімен регламенттеледі.

Әкімшілік-қызмет көрсетуші, өндірістік және көмекші қызметкерлердің міндеттері ішкі тәртіп ережелерімен және лауазымдық нұсқаулармен белгіленеді.

23-бап. Жоғары оқу орындары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Мемлекеттік жоғары оқу орындары оқытушылары мен басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу атқаратын қызметіне, жоғары оқу орнының санатына орындайтын жұмысының сапасына, ғылыми дәрежесіне, ғылыми атағына сәйкес еңбекке ақы төлеу қорынан саралап жүзеге асырылады және ең көп мөлшері шектелмейді.

Жоғары оқу орындары оқытушыларының жылдық оқыту жұмысы 700 сағаттан аспауға тиіс.

Жоғары оқу орны еңбекке ақы төлеудің түрі мен жүйесін, үстемелердің, қосымша ақылардың, сыйлықтардың және ынталандырушылық сипаттағы басқа да төлемдердің мөлшерін еңбекке ақы төлеуге арналған қаражат есебінен және соның шегінде дербес белгілейді.

Қызметкерлерді контрактілік негізде тартқан ретте оларға айлық ақы сол қызмет үшін белгіленген ең аз мөлшерден кем белгіленбейді.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарында оқытушыларға лауазымдық міндеттерде, контрактілерде және жеке жоспарда көзделмеген қосымша жұмысының барлық түрлері үшін ақы төленеді.

Жоғары оқу орындарының қызметкерлері өз оқу орнында да, сондай-ақ басқа оқу орнында, кәсіпорында, мекемеде, ұйымда белгіленген тәртіп бойынша жұмысты қосып атқара алады.

Жоғары оқу орнына санат беру туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 23-бапқа өзгеріс пен толықтыру енгізілді - ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2829 жарлығымен.

24-бап. Ғылыми-педагог қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

Жоғары оқу орны ғылыми-педагог қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасайды, бөлімшелер ұйымдастырып, мынадай түрлерін белгілейді:

- аспирантура;
- докторантура;

- ізденіс - кандидаттық емтихандар тапсыру, кандидаттық және докторлық

диссертациялар әзірлеу үшін жоғары оқу орындарына бекітіп беру;
- докторлық диссертациялар әзірлеу үшін ғылым кандидаттарын ғылыми қызметкерлер лауазымына көшіру;
- ғылыми, педагогтық, шығармашылық стажировка, соның ішінде оларды кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында, конструкторлық бюроларда, басқа жоғары оқу орындары мен ұйымдарда, оның ішінде шетелдерде стажировкадан өткізу;
- диссертацияны жазып бітіру үшін шығармашылық демалыс беру;
- кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау институттарында, факультеттерінде және орталықтарында біліктілігін арттыру мен қайта даярлау;
- жоғары оқу орындары жанындағы арнаулы факультеттер мен курстарда қайта даярлау мен оқыту.

Аталған оқыту түрлерін ұйымдастыру Білім беру министрлігі бекіткен ережелермен анықталады.

Жоғары оқу орнында білім алғаннан кейін мекемелерге жұмысқа кірген кезде мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарын бітірушілердің құқықтары бірдей болады.

V бөлім. ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ

25-бап. Жоғары білім жүйесін басқару органдары

Жоғары білімді мемлекеттік басқарудың орталық органы Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігі болып табылады. Ол қай ведомствоға жататындығына қарамастан барлық жоғары мемлекеттік оқу орындарына жалпы әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

Жоғары білімді мемлекеттік басқарудың ведомстволық органдары жоғары оқу орындары бар тиісті салалық министрліктер мен ведомстволардың құрамында жұмыс істейді.

Жоғары білімді басқаратын мемлекеттік органдармен қатар қоғамдық органдардың құрылуы мүмкін, олардың қызметі республиканың Конституциясына, жоғары білім беру туралы және қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

26-бап. Жоғары оқу орындарын аттестаттау және аккредитивтеу

Жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестаттау және аккредитивтеу жоғары оқу орындары ұсынатын білімнің сапасын, оның мемлекеттік білім беру - кәсіптік бағдарламаларға сәйкестігін бағалау, жоғары білім беруге мемлекет бөлетін бюджеттік қаржыларды ұтымды пайдалану, мамандар даярлау мен ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, жоғары оқу орындары

ұжымдарының шығармашылық белсендігін ынталандыру, жоғары оқу орнының мемлекеттік мәртебесін (үлгісі мен түрін) белгілеу мақсатымен жүргізіледі.

Мемлекеттік бақылау міндетін атқаратын жоғары оқу орындарын аттестаттау міндетті тәртіппен жүзеге асырылады, ал жоғары оқу орындары қызметінің түпкі нәтижелерін қоғам мен мемлекеттің ресми тануын алу үшін аккредитивтеу ерікті негізде жүргізіледі.

Аттестаттау мен аккредитивтеудің нәтижесі ойдағыдай болған жағдайда жоғары оқу орнына тиісінше аттестатталған немесе аккредитивтелген жоғары оқу орнының мәртебесі беріледі.

Аккредитивтелген деп танылған жоғары оқу орындарына қосымша құқықтар мен жеңілдіктер беріледі.
(б е с і н ш і б ө л і к)

ЕСКЕРТУ. 26-баптан сөздер мен 5-ші бөлік алынып тасталды -
ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2829 жарлығымен.

27-бап. Автономиялы жоғары оқу орны мәртебесін беру

Жоғары оқу орындарының бастамасы бойынша жүргізілетін аккредитивтеу нәтижесінде республика Үкіметі оларға автономиялы жоғары оқу орындары мәртебесін беруі мүмкін. Ерекше жағдайларда автономиялы жоғары оқу орны мәртебесін Қазақстан Республикасының Президенті беруі мүмкін.

Автономиялы жоғары оқу орны оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дербес әзірлеп, бекітеді; барлық аккредитивтелген бағыттар мен даярлық деңгейлері бойынша қабылдау жоспарларын белгілейді; жаңа мамандықтар ашады; оқытушылар мен студенттерді шетелге іссапарға жіберу туралы шешім қабылдайды; шетелдік ғалымдар мен мамандарды қоса алғанда, жұмысқа қызметкерлер жалдау жүйесін енгізеді.

Автономиялы жоғары оқу орнының профессор және доцент ғылыми атақтарын берген кезде түпкі сараптама құқығы болады;

Үкімет қаржыландыратын республикалық және халықаралық бағдарламаларға қатысуда, жер учаскелерін алуда, техника парктерін, бизнес орталықтарын ұйымдастыру ісінде мемлекеттік және жергілікті органдар тарапынан жәрдем алуда, аккредитивтелген болашағы зор мамандықтар бойынша даярлықты кеңейту үшін нысаналы мемлекеттік дотациялар алуда басым құқықты пайдаланады. Автономиялы жоғары оқу орнының аккредитивтелген мамандықтарын бітірген түлектері халықты жұмыспен қамту қызметтерінің жұмыспен кезектен тыс қамтамасыз ету құқығын пайдаланады.

Автономиялы жоғары оқу орны жеке шектік шамалар бойынша қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

Автономиялы жоғары оқу орнына басқа да құқықтар мен жеңілдіктер берілуі

м ү м к і н .

Автономиялы жоғары оқу орны туралы ережені Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і б е к і т е д і .

28-бап. Жоғары оқу орындарына басшылық ету
Жоғары оқу орнын басқару оның қызметі мәселелерін шешу ісіне
қызметкерлер мен оқушылардың барлық категорияларының қатысуы принципіне
н е г і з д е л і п қ ұ р ы л а д ы .

Мемлекеттік жоғары оқу орнының жоғары органы Ғылыми кеңес болып
табылады. Ғылыми кеңестің жұмыс тәртібі мен жұмыс регламенті жоғары оқу
орнының Жарғысымен белгіленеді.

Мемлекеттік жоғары оқу орнына тікелей басшылықты Білім беру министрлігі
(немесе жоғары білімді мемлекеттік басқарудың тиісті ведомстволық органы)
тағайындайтын ректор жүзеге асырады.

Аккредитивтелген деп танылған мемлекеттік жоғары оқу орындарының өз
ректорын сайлап қою құқығы бар.

Ректор жоғары оқу орны жұмысының нәтижесі үшін толық жауапты болады.
Осы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жоғары оқу орнының атынан іс-қимыл
жасайды, барлық органдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда одан өкіл болады,
жоғары оқу орнының мүлкіне билік етеді, шарттар жасасады, сенімхат береді,
банкіде жоғары оқу орнының есебін ашады.

Жарғыда белгіленген өз өкілеттігі және жоғары оқу орнының құзыреті
шегінде ректор жоғары оқу орнының барлық қызметкерлеріне, студенттері мен
басқа да оқушыларына міндетті бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орнының басшысын оның құрылтайшысы
тағайындайды .

VI бөлім. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ Қ А Р Ж Ы - Ш А Р У А Ш Ы Л Ы Қ

Қ Ы З М Е Т І

29-бап. Жоғары оқу орындарын қаржыландыру

Мемлекеттік жоғары оқу орындарын қаржыландырудың негізіне
халықаралық тәжірибені ескеріп, бір студентке жұмсалатын нақты шығындарды
бірте-бірте көбейту принципін негізге ала отырып, әрбір студентке шаққандағы
мемлекеттік шектік шамаларға сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан
Республикасының мемлекеттік бюджетінен бөлінетін қаржы алынады. Шектік
шамалардың абсолюттік мөлшері ақшаның құнсыздану қарқынына сәйкес
индекстеліп отыруға тиіс.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарын қаржыландырудың негізгі көздері:
- мамандарды жергілікті жерлерде одан әрі пайдалану үшін оларды

даярлауға жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражаттар;

- шаруашылық және өзге де шарттарды орындағаны үшін алынатын қаражаттар;

- банк кредиттері, депозиттік салымдардан, бағалы қағаздардан түсетін кірістер;

- ғылыми, баспагерлік, товарлы өнімді сатудан алынатын қаражаттар;

- білім беруді іске асырудан және өзге де қызметтер көрсетуден алынатын қаражаттар;

- сыртқы экономикалық қызметтен алынатын қаражаттар;

- салалардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, кооперативтердің ерікті жарналары;

- жекелеген адамдардың жинаған жылулары;

- басқа да түсім көздері болуы мүмкін.

Ерекше дарынды жас адамдарға арналған элитарлық үлгідегі мемлекеттік жоғары оқу орындары, автономиялы жоғары оқу орындары немесе эксперимент режимінде жұмыс істейтін жоғары оқу орындары жеке шектік шамалар бойынша қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

Әртүрлі көздерден түсетін барлық қаражаттар жоғары оқу орындарын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудың шектік шамалары мен абсолютті м ө л ш е р і н к е м і т п е й д і .

Қызметтің барлық түрлері бойынша шығындардан жасалған үнем алынып қойылмауға тиіс, жоғары оқу орындарының билігінде қалады және белгіленген тәртіппен олардың өз қажеттеріне пайдаланылады.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарын қаржыландыру республика заңдарына сәйкес құрылтайшылардың қаражаттары, жоғары оқу орындарының өз қаражаттары және басқа көздер есебінен жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындары алған валюта қаражаттары олардың өз билігінде қ а л а д ы .

Озық тәжірибе алмасу, студенттер мен қызметкерлердің мәдени және шығармашылық дамуы, жоғары мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ жоғары оқу

орындары ұжымдарының әлеуметтік мұқтаждарына республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттарды үнемдеу, жоғары оқу орындарының ақылы қызмет көрсету, кәсіпорындармен және ұйымдармен шарт бойынша тапсырыстарды, жұмыстарды орындау жөніндегі шаруашылық есеп қызметі есебінен алған қаражаттары сомасынан бөлінетін жарналар, өнім өткізуден және басқа да өндірістік қызметтен алынған табыстар есебінен орталықтандырылған даму қоры мен қаржы резервтері құрылады.

ЕСКЕРТУ. 29-бап сөздермен толықтырылды - ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2829 жарлығымен.

30-бап. Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасы Мемлекеттік жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын құру мен дамыту мемлекеттік тапсырыстар негізінде шекті шамалар бойынша басым тәртіппен жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнының мемлекеттік мүлкі оған оралымды басқару құқығымен тиесілі болады және алып қоюға немесе жоғары оқу орнының негізгі міндеттері мен мүдделеріне қайшы келетін мақсаттарда пайдалануға болмайды.

(3 - б ө л і к)

ЕСКЕРТУ. 30-баптан 3-ші бөлік алынып тасталды - ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2829 жарлығымен.

31-бап. Жоғары оқу орындарының өндірістік-шаруашылық және коммерциялық қызметі

Жоғары оқу орындары өндірістік-шаруашылық және коммерциялық

қызметтен табыс табуға құқылы, ол табыстар оларға толық шаруашылық жүргізу құқығында тиесілі болады.

Білім беру министрлігі (немесе тиісті ведомстволық мемлекеттік басқару органы), егер мемлекеттік жоғары оқу орнының өндірістік-шаруашылық және коммерциялық қызметі жарғылық қызметке нұқсан келтіретін болса, сот шешіміне дейін оны тоқтата алады.

32-бап.

Ескерту. 32-бап алынып тасталды - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен.

U952488_

VII бөлім. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

33-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының шет мемлекеттерде жоғары білім алу құқығы

Қазақстан Республикасының азаматтарын шет мемлекеттерде жоғары білім алуға құқылы. Бұл құқық жеке басының бастамасымен не мемлекетаралық келісімдер арқылы іске асырылады.

34-бап. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында білім алу және педагогтік қызметпен айналысу құқығы

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде жоғары білім алуға және педагогтік қызметпен айналысуға құқылы.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында халықаралық келісімдерде көзделген тәртіппен, сондай-ақ жоғары оқу орны шетелдік ұйымдармен және жекелеген шетел азаматтарымен жасасқан шарттар мен контрактілер бойынша жоғары білім алып, педагогтік қызметпен айналыса алады.

35-бап. Жоғары оқу орындарының халықаралық ынтымақтастығы
Жоғары оқу орындары шетелдік және халықаралық мекемелермен және ұйымдармен тікелей байланыстар орнатуға құқылы.

Олар жоғары білім және ғылыми қызмет, қайта даярлау мен біліктілікті арттыру саласында ынтымақтастық туралы шарттар жасасуға, шет мемлекеттердің оқу және ғылыми орындарына студенттерді, аспиранттарды, оқытушыларды оқуға (соның ішінде алмасу тәртібімен) жіберуге құқылы.

Жоғары оқу орындарының халықаралық қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

36-бап. Жоғары оқу орындарының сыртқы экономикалық қызметі
Жоғары оқу орындары сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға, республикада да, шетелде де шетелдік контрагенттермен өз атынан мәмілелер және өзге де заң құжаттарын жасасуға, валюта қоры болуына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетелдік

фирмалармен бірлесіп кәсіпорындар құруға құқылы.

37-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті